

Выводы

Таким образом, проведение систематической работы по приобщению студентов к культурным ценностям разных народов, бережному их сохранению открывает для молодежи новые культурные перспективы. Организация практической деятельности студентов, связанной с изучением языков, разнообразных традиций, обычаев других этносов, как в учебном процессе, так и во внеаудиторное время, безусловно, плодотворно влияет на духовно-нравственное развитие молодежи.

Реализация в КазНАУ при финансовой поддержке фонда «Русский мир» проекта «К диалогу культур через русский язык» явилась действенным способом мотивации студентов казахского отделения к изучению русского языка, их открытости в отношении новых культур, что подтверждает целесообразность формирования поликультурного пространства в вузе.

1. Сайт фонда «Русский мир» <http://www.russkiymir.ru/russkiymir/ru/>
2. Гачев Г.Д. Национальные образы мира. Общие вопросы: русский, болгарский, киргизский, грузинский, армянский. – М.: Советский писатель, 1988. – 448 с.
3. Сайт Россотрудничества в Республике Казахстан <http://kaz.rs.gov.ru/>
4. Мартынов Л. Предисловие к сборнику стихов О.Сулейменова «определение берега». – Алматы, 1980.

В статье описываются подготовка и проведение в университете мероприятий по проекту «К диалогу культур через русский язык», которые были проведены кафедрой русского языка. Целью мероприятий было знакомство студенческой молодежи с традициями и обычаями русского языка, популяризация углубленного изучения русского языка, формирование поликультурного пространства в университете.

The article describes the preparation and conduct of university activities on the project called "To the dialogue of cultures through the Russian language," which was held by the department of Russian language. The purpose of those activities was familiarizing college students with traditions and customs of the Russian language, promotion of in-depth study of Russian language, and formation of multi-cultural space in the university.

Бапта университеттегі «Орыс тілі арқылы мәдениеттердің қарым-қатынасы» проект бойынша орыс тілі кафедрасы өткізген шаралардың әзірлеуі және өткізуі суреттеледі. Шаралардың мақсаты - студенттердің орыс тілінің әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрлерімен таныс болуы, орыс тілін тереңдетілген оқуды көпшілікке тарату, университетте мәдениетті кеңістіктің қалыптастыруы.

ӘОЖ 796 (0753)

**ПРЕЗИДЕНТТІК ТЕСТ – ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ АГРАРЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
СТУДЕНТТЕРІНІҢ ДЕНСАУЛЫҚ КЕПІЛІ**

**PRESIDENTIAL TEST - KAZAKH NATIONAL AGRARIAN UNIVERSITY GUARANTEE
THE HEALTH OF STUDENTS**

**Жамалов Ж.Ж., Әжібаева С.Ж., Ихсанов Ү.М.
J.J. Zhamalov, S.N. Azhibaeva, U.M. Ikhsanov**

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

Түсініктеме Өскелең ұрпақтың дене жатығуларымен айналысуын және олардың дене дайындығының көрсеткішін елдегі жалпы дене тәрбиесі жүйесінің көрсеткіші деп қабылдауға болады.

Сол себепті халықтың ден саулығы мен салауатты өмір сүру мәдениеті мемлекет үшін ең өзекті мәселелердің бірі болып қала бермек, сондықтан ол ұдайы мемлекеттің

назарында. Осы мақсатта қабылданған Президенттік тест бағдарламасы балалар мен жасөспірімдердің дене дайындығы деңгейін анықтайтын бірден – бір бағдарлама болып табылады.

Жоғарғы оқу орындарындағы дене тәрбиесі үрдісі біріншіден студенттерді спортқа баулып, олардың ден саулығын жақсартуға, жан –жақты жетілуіне септігін тигізсе екінші жағынан қоғамның салауатты өмір салтын қалыптастыруға деген көзқарасын білдіреді.

Кіріспе

Президенттік тест – бақылау нормативтері бар дене жаттығуларының жиынтығы болып табылады. Ол түрлі саладағы халықтың еңбекке, оқуға, әскери қызметке жарамдылығын анықтауға бағытталған бағдарлама.

Президенттік тесттің мақсаты- халыққа салауатты өмір салтын насихаттау, тұрғындарды дене шынықтыру мен спортқа баулу және жас ерекшеліктеріне қарай әр кезеңдегі ден саулығы мен дене дайындығының деңгейін анықтауға септігін тигізу.

Ел экономикасының нарықтық қатынасқа ауысуы жағдайында тұрғындар үшін дене шынықтыру мен спорттың ролі арта түспек, себебі ол қоғамның дамуының бірден – бір көрсеткіші болып табылады. Спорт - біріншіден салауатты өмір сүру салтының ең негізгі компоненті және ден саулықты нығайтудың басты құралы ретінде қаралса, екінші жағынан спортпен айналысқан адамның еңбек өнімділігі жоғары болатыны, дені сау адам үлкен экономикалық табыстарға жете алатыны баршаға мәлім қағида. Сондықтан, осы қағиданы еске ұстап әр адам жастайынан өз ден саулығына, оның жетілуіне басты көңіл бөлуі керек.

Жоғарғы білім жүйесін реформалау нәтижесі ондағы дене тәрбиесі саласына кері әсерін тигізуі мүмкін, себебі кейбір оқу орындарында дене шынықтыру сабақтары факультатив негізіне көшіріліп келеді, ол өз кезегінде студенттердің тұрақты түрде аптасына төрт сағат спортпен айналысуына шектеу келтіреді.

Қазіргі жағдайда медицина саласы қанша дамыса да барлық тұрғындарды жаппай қамту оңайға түспейді, сондықтан ден саулық сақтау саласында дұрыс деңгейде әдістемелік, насихат, ұйымдастыру жұмыстары жүргізілген жағдайда дене шынықтыру мен валеологиялық білімнің орыны жоғалмайды.

Осы мәселені ескере отырып университет қабырғасында студенттердің дене тәрбиесін жетілдіру мақсатында ғылыми топ жүргізген зерттеу жұмысын талқыға салмақпыз:

Зерттеу әдісі

Зерттеу жұмысына соңғы үш жылда (2008-2009, 2009-2010, 2010-2011 оқу жылдары) Қазақ ұлтық аграрлық университетінде оқитын 1 курс студенттері (ер балалар) қатынасты. Зерттеу қорытындысы бойынша Президенттік тест нормативін жетілдіру жөнінде ұсыныстар талқыланып, ортақ шешім қабылданды.

Бақылау сынақтары ретінде ер балалар үшін төмендегі нормативтер іріктелініп алынды:

1. 100м. 3000м. Жүгірулер – студенттің шапшаңдық, төзімділік қасиеттерін дамытуға арналған жаттығулар. Жаттығу стадионның мәре және сөре сызықтары бар жүгіру алаңында өтеді. Жүгіру тиісінше төменгі және жоғарғы старттан орындалады, мәре сызығындағы көрсеткіш 1сек. дейінгі дәлдікте өлшенеді.

2. Белтемірде денені көтеру, бұл күштілік қасиетін дамытуға арналған жаттығу. Жаттығу белгілі ережелерді сақтай отырып белтемірде асылып тұрып денені көтеруге құрылған, (аяқ жерге тимеуі тиіс, жатығуды денені түзу ұстап, үзіліссіз орындау керек, иекті белтемірге тигізуі міндетті) нәтижесінде тартылу саны есептелінеді.

3. Орнында тұрып ұзындыққа секіру – бұл тест шапшаңдық пен күштілік қасиетін дамытуға арналған жаттығу. Жаттығу тегіс жерде орындалады, секіру сызығы орналасқан жерден бастап метрліктің көмегімен аралары 5 және 10см белгілер ұзындығы 3м сызықтың бойына орналастырылады. Студент секіру сызығынан бастап жартылай отыра, қолды алға-артқа сермеу арқылы екі аяқпен тез серпіледі, екі аяқпен жерге түсуі керек.

Секіру ұзындығы секіру сызығынан бастап секірушінің өкшесі жерге тиген аралықты өлшеу арқылы анықталады, егер студент секіріп түскенде қолмен жерді артқы жағынан тіреген жағдайда, секіру сызығымен сызыққа жақын орналасқан қолдың аралығы есептелінеді, секіру нәтижесі 1см дәлдікпен анықталады.

Студенттің дене дайындығы деңгейін анықтау үшін салыстырмалы түрде үш норматив алынды; 1. Президенттік деңгей, 2. Ұлттық дайындық деңгейі, 3. Типтік оқу бағдарламасына сәйкес бақылау нормативтері (табл.1)

Жасөспірімдер үшін бақылау нормативтері

Таблица 1

Жаттығу түрлері	Уақыты, өлшемі	Президенттік деңгей	Ұлттық дайындық деңгейі	Оқу бағдарламасына сәйкес
100 м жүгіру	секунд	12,4	12,8	14,6
3000м жүгіру	мин. сек.	11,30	12,10	14,30
Орнынан ұзындыққа секіру	сантиметр	270	240	218
Белтемірде тартылу	Тартылу саны	18	15	7

Зерттеу қорытындысы

100 м жүгіру. Норматив тапсыруға 1260 студент қатынасты (таблица 2). Жалпы қатысушылардың орта көрсеткіші 14,3 сек., ал жылдар ішінде 14,0 ден 14,6 дейін ауытқулар болды. Президенттік деңгей мен ұлттық дайындық деңгейінен көп төмен болғанына қарамастан жүгіру көрсеткіштерінің жақсаруы байқалады. Егер типтік оқу бағдарламасының талабымен бағалайтын болсақ, онда орташа көрсеткіш «қанағаттанарлық» деңгейінде, яғни 14,0 – 14,6 сек. болады, тапсырушылардың 10 пайызы ғана «үздік», және «жақсы» бағасына ие болды.

Тапсырушылардың 1 пайызы ғана, яғни 12 студент Президенттік деңгей талабын орындай алды.

2. 3000 м. Жүгіру (мин. сек.). Жаттығу орындауға жоғарыда жүгірген студенттер түгел қатынасты, орташа көрсеткіш 14,30 бен 14,48 мин. сек. аралығында болды, ол – типтік оқу бағдарламасының «қанағаттанарлық» бағасына жүгірді деген сөз, ал Президенттік деңгей нормативіне сай жүгіргендер саны қатысушылардың не бәрі 1,5 пайызын құрады.

3. Белтемірде тартылу (тартылу саны). Бұл нормативті тапсыруға 1 ші курс студенттерінің әр жылы оқыған 1229-ы қатынасты. Үш жыл ішіндегі көрсеткіш 10 мен 14 аралығында болды, орташа көрсеткіш – 12. Бұл жерде Президенттік деңгейге санаулы студент жеткенін атап өту керек, барлық дерлік тапсырушының күштілік қасиеті жеткілікті дамымаған, әрі кеткенде ұлттық дайындық деңгейіне жетеді, көп бөлігі типтік оқу бағдарламасының «қанағаттанарлық» баға деңгейінде болды, яғни белтемірде 7 ден артық тартыла алмады.

1 курс студенттерінің үш жылғы норматив көрсеткіштері

Таблица 2

Нормативтер	2008-2009 оқу жылы		2009-2010 оқу жылы		2010-2011 оқу жылы	
	саны	көрсеткіші	саны	көрсеткіші	саны	көрсеткіші
100 м жүгіру	520	14,6	456	14,2	240	14,0
3000 м жүгіру	520	14,39	456	14,48	240	14,10
Орнында тұрып ұзындыққа секіру	452	218	344	223	433	222
Белтемірде тартылу	452	14	344	13	433	10

4 Орнында тұрып ұзындыққа секіру (см). Президенттік деңгейдің нормативі 270 см, ал типтік оқу бағдарламасының талабы 218 см, біздің студенттердің көбі соңғы нормативті орындады.

Барлық сынаққа 1229 студент қатынасты, соның 210-ы Президенттік деңгейді орындады, бұл тапсырғандардың 17 пайызын құрайды. 607 студент типтік оқу бағдарламасының міндетті бақылау нормативін тапсыра алмады, яғни «қанағаттанғысыз» бағаға ие болды, ол қатысушылардың 49 пайызын құрайды.

Тұжырымдама

Зерттеу қорытындысы көрсеткендей 1 курс студенттерінің дене дайындығы төменгі деңгейде, барлық көрсеткіштерді алып қарасанда Президенттік деңгей талабынан жете алмай жатыр, дегенмен міндетті бақылау нормативтерінің барлық көрсеткіштерін (типтік оқу бағдарламасы) «қанағаттанарлық» деңгейде тапсырғанын атап өткен жөн.

Біздің зерттеу жұмысымыз үш жыл бойы жүргізілсе де, жыл сайын жоғарыдағы көрсеткіш қайталанып отырылды, бұдан шығатын қорытынды төмендегідей:

1. Президенттік тест нормативтерін орындау үшін жоғарғы оқу орындарында дене дайындығына берілетін сағаттарды студенттердің дене қасиеттерін (күштілік, шапшаңдық, төзімділік) дамытуға барынша пайдалану керек.

2. Жастар арасында салауатты өмір сүру мәдениетін қалыптастыру күн тәртібінен түспеу керек.

3. Студент жастардың дене шынықтыру мен спортқа деген қажеттілігі арта түсетіндей талап қалыптастырылуы қажет.

1. Горанько М.И. ж.б. Дене дайындығыны бойынша Президенттік тест – Республика халқын сауықтыру негізі, Алматы, 2004 жыл.

2. Арещенко А.И. ж.б. Дене шынықтыру (валеология), типтік оқу бағдарламасы, Астана, 2002 жыл.

Президенттік тест нормативтерін орындау негізінде жастардың физикалық дайындығына, салауатты өмір салтын ұстануына және дене шынықтыру көрсеткішін арттыруына көңіл бөлу мақалаға өзек болады.

Для выполнения нормативов Президентских тестов необходимо обратить должное внимание на физическую подготовленность молодежи, внедрять здоровый образ жизни и выработать потребность у молодых к физическому совершенствованию.

To achieve the level of Presidential test, by students you must pay tribute attention to the structure of physical culture at the University, which includes physical education, students sports and active sports.

УДК 37.016.01:003

ПРОЕКТИРОВАНИЕ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ СИСТЕМ ПО СОВЕРШЕНСТВОВАНИЮ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ПОДГОТОВКИ СТУДЕНТОВ В УСЛОВИЯХ ИНФОРМАТИЗАЦИИ ОБРАЗОВАНИЯ

**DESIGN OF PEDAGOGICAL SYSTEMS ON PERFECTION OF VOCATIONAL TRAINING
OF STUDENTS IN CONDITIONS OF INFORMATION OF FORMATION**

**Касимова Р.М., Скабаева Г.Н.
R.M. Kassimova, G.N. Skabayeva**

Казахский национальный аграрный университет

Аннотация В статье рассматриваются элементы педагогической системы по совершенствованию профессиональной подготовки студентов.